

Қазақстан Республикасы Құрылыс, Тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің жанындағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық департаменті туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 22 ақпан N 189. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.04.08. N 398 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің жанындағы Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық департаменті туралы беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 22 ақпандағы
N 189 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй және
аумақтарда құрылыс салу министрлігінің жанындағы
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық департаменті туралы
Е р е ж е

1. Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің жанындағы Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық департаменті (бұдан әрі - Департамент) жергілікті өкілді және атқарушы органдармен, облыстардың және Алматы қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарымен және ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелерін мемлекеттік реттеуді дербес жүзеге асыратын өкімет билігінің орталық атқарушы органы болып табылады.

2. Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің шешімдерін, басқа нормативтік актілерді, осы Ережені, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің бұйрықтары мен өкімдерін басшылыққа алады.

3. Департамент өз құзыреті шегінде қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін, меншік нысандарына қарамастан республиканың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының барлық субъектілерінің орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдайды.

4. Облыстық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармалары өз қызметтерінде қолданылып жүрген заңдар мен департаменттің құзыреті шегінде Департаменттің шешімдерін басшылыққа алады.

5. Департаменттің негізгі міндеттері мыналар болып саналады:
қалалар мен басқа елді мекендердің тұрғын үй қорын, коммуналдық мақсаттағы инженерлік ғимараттары мен желілерін техникалық пайдалану және жөндеу, жылумен жабдықтау, сумен қамтамасыз ету, су бұру тармақтары және жол-көпір шаруашылығы жүйелерін дамыту мен олардың жұмыс істеу беріктігін арттыру салаларында мемлекеттік саясатты жүргізу, иеліктегі үйлерді орталықтандырылған санитариялық тазарту мен қалалық аумақтарды жинау, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау мен ұқсату, сондай-ақ монша-кір жуу мен қонақ үй шаруашылығын, халыққа салт-жоралық қызмет көрсетуді және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың материалдық-техникалық базасын дамыта б е р у ;

халықтың және халық шаруашылығының коммуналдық қызметтерге деген қажетін болжамды бағамдау негізінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың тиянақты жұмыс істеуін ескеру арқылы оны дамыту стратегиясы мен т ұ ж ы р ы м д а м а с ы н ә з і р л е у ;

Жергілікті әкімдермен бірлесе отырып, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметін үйлестіріп отыру;

мемлекеттік және жеке меншікке негізделген тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін ұстау мен жөндеудің ұйымдық түрлерін енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу, тәжірибені жинақтау;

жалпы салалық және табиғат қорғау мақсатындағы объектілерді, су құбыры-канализация шаруашылығының күрделі объектілерін жобалау, қаржыландыру және салу барысында тиімді инвестициялық саясат жүргізу;

тұрғын үй қоры мен коммуналдық мақсаттағы объектілердің сенімді сақталуы, тұрғын жайларды жайластыру деңгейін одан әрі арттыру, елді мекендердің санитарлық жайын жақсарту жөніндегі шаралардың орындалуын қ а м т а м а с ы з е т у ;

коммуналдық шаруашылықта ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыру, нормативтік және басшылыққа алынатын құжаттарды әзірлеу.

6. Департамент өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

аймақтық ерекшеліктер мен экологиялық жағдайды ескеру арқылы республика аумағында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың даму заңдылығына кешенді талдау жүргізеді, зерттейді және қорытады және оның даму үрдістеріне болжам жасайды;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта экономикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық және әлеуметтік саясатты жүргізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді ;

салада бірыңғай қаржы және салық саясатын жүзеге асыру, тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету тарифтері мен бағалары жөнінен ұсыныстар әзірлеуге қатысады ;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша заңдар мен өзгедей нормативтік актілер жобасын әзірлеуге қатысады және шаруашылықты жүргізудің ұйымдық нысандары мен меншік нысандарына қарамастан, барлық кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың тұрғын үй заңын қолдану практикасын қорытады ;

мемлекеттік және жекешелендірілген тұрғын үй қорын пайдаланудың, күтіп ұстаудың және күрделі жөндеудің перспективалы нысандары бойынша ұсынымдар әзірлейді ;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарын мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асыруға қатысады ;

республика аумағында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту және жетілдіру жөнінде өз құзыреті шегінде мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады;

жергілікті атқару органдарымен бірлесіп, тұрғын үй қорын ұстау мен жөндеу жөнінде коммуналдық қызмет көрсету нарқын қалыптастыруды ұйымдастырады;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында мемлекеттік және мемлекетаралық бағдарламаларды әзірлеу мен оларды жүзеге асыруды қамтамасыз етуге қатысады ;

жергілікті атқарушы органдармен және атқарушы өкімет билігінің тиісті орталық органдарымен бірлесіп, қалалар мен басқа елді мекендерді қауіпті табиғи және техногенді процестер мен құбылыстардың әсерінен қорғау саласында бірыңғай техникалық саясат жүргізеді;

жергілікті атқару органдарымен бірлесіп, республика аумағында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың даму болжамдары мен үрдістерін ескеру арқылы қалаларды және аудан орталықтарын сумен жабдықтауға арналған жерасты суын іздестіру жөніндегі гидрогеологиялық жұмыстар жүргізу жөнінде Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Геология және жер

қойнауын қорғау министрлігіне ұсыныстар әзірлейді;
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында нормативтердің сақталу мәселелеріне бақылау жасайды;

нарық жағдайында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мұқтажына арналған коммуналдық техникалар мен жабдықтар, құрылғылар, сондай-ақ ауыз суды ұқсатып, залалсыздандыруға арналған материалдар өндіруді ұйымдастыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

тіршілікті қамтамасыз етудің инженерлік жүйелерінің техникалық беріктігі мен санитарлық-экологиялық қауіпсіздігін арттырудың басым бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлейді;

лицензиялау мен сертификаттау мәселелері бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарын әдістемелік және нормативтік қамтамасыз етуді жүзеге асырады, өз құзыреті шегінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметін лицензиялауға қатысады;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы үшін қызметкерлерді даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды үйлестіреді;

шет елдермен ғылыми-техникалық және экономикалық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады, өз құзыреті шегінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдары мен кәсіпорындарының шет елдік жетекші фирмаларымен байланыс орнатуына жәрдемдеседі, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысады;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында ғылыми зерттеулер мен талдаулардың, жаңа технологиялардың нәтижелерін таратады және оларды пайдалануға жәрдемдеседі;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында ақпараттық жүйені құру және дамыту жөнінде ұсыныс әзірлейді;

су мен ағын судың сапасына лабораториялық бақылау жасау мәселелері бойынша әдістемелік көмек береді және жұмысты ұйымдастырады, ведомстволық талдау лабораторияларын аттестациялау, тіркеу жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

коммуналдық мақсаттағы ірі де күрделі объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияларының жұмысына қатысады;

өз қызметінің аясына кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының, Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғаныс штабының тапсырмаларын дербес орындайды.

7. Департаменттің өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін:

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша, лицензиялау мен тіркеу мәселелерін қоса алғанда, әдістемелік нұсқаулар мен ведомстволық

нормативтік актілер әзірлеуге;

нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыруға, оның ішінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мұқтажы үшін жаңа машиналар мен механизмдер, жабдықтар, құрылғылар жасауға;

тұрғын үй -коммуналдық шаруашылық саласындағы проблемаларды зерттеу және шешу үшін өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіпте ұйымдарды және білікті мамандарды тартуға;

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен нысандар бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарынан мемлекеттік және ведомстволық есептер алуға

8. Департаментті Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрінің орынбасары мәртебесіне ие директор басқарады және ол лауазымына қарай алқа мүшесі болып табылады. Директорды Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Департамент директорының екі орынбасары, соның ішінде бір бірінші орынбасары болады, оларды Департамент директорының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

9. Департамент директоры:

Департамент жұмысын ұйымдастырады және осы Ережемен белгіленген міндеттер мен қызметтерді орындау жөнінен оның қызметіне дербес жауап б е р е д і ;

Департаменттің белгіленген шекте адам саны мен еңбекақы қорын,
құрылымы мен штаттық кестесін бекітеді;

Департамент қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен
б о с а т а д ы ;

өз құзыреті шегінде Департамент қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер мен нұсқаулықтар шығарады, нұсқаулар береді;

өз орынбасарлары мен құрылымдық бөлімшелер жетекшілерінің арасындағы міндеттерді бөледі;

мемлекеттік басқару мен атқарушы өкімет билігі орындарында, кәсіпорындар мен ұйымдарда Департамент мүддесін білдіреді;

облыстық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармалары басшыларын қызметке тағайындау мен қызметтен босатуды облыстардың әкімдерімен келіседі ;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, мүлкті қаржы қаражатын иеленеді және

сенімхат, соның ішінде сенім ауыстыру құқығымен сенімхат береді, банкілерде есеп айырысу және басқа шоттар ашады, қаржы тәртібінің сақталуын қамтамасыз е т е д і .

10. Департаментте Департамент директорының (Кеңес төрағасы), лауазымына қарай Департамент директоры орынбасарларының, Департаменттің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының басшы қызметкерлерінің құрамына Кеңес жұмыс істейді.

Кеңестің дербес құрамын және ол туралы ережені Департамент директорының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрі бекітеді.

11. Департамент заңды ұйым болып табылады, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде өз атауы ж а з ы л ғ а н м ө р і б о л а д ы .